

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ПІКІРЛЕР

Мақал-мәтелдерге байланысты пікір айтқан әдебиетші, көбінесе тілші мамандар, бұл күрделі құбылыстың әрбір халық тарихы мен өлеуметтік хал-күйінің айнасы екендігін айта келіп, мақал-мәтелдердің тілдік, әдебиеттік, философиялық мән-жайын сөз етеді. Бұлардың ішінде қазақ ауыз әдебиетінің ең көне жанрларының бірі есептелетін мақал-мәтелдерді тексерген көптеген мамандар өздерінің таным-түсінігін ондаған жылдар ілгері бастап, осы күнге дейін айтып келеді. Диссертациялық жұмыстар да жазылуда. Ал ұйғыр мақал-мәтелдері жайында, олардың жинақтарының көп екендігіне қарамай, теориялық еңбектер жоқтың қасы. Осы күнде біз Шыңжаң Ұйғыр автоном районында басылған біршама толық, он мыңдаған мақал-мәтелдерді қамтыған жинақтар, мақал-мәтелдердің түсіндірме сөздігі. Кішігірім теориялық мақалдарды ғана атай аламыз [1].

Біз бұл мақаламызда қазақ мақал-мәтелдеріне байланысты ізденістерге, паремиологияның теориялық, практикалық мәселелері сөз болатын еңбектерге сүйеніп, зерттеушілер тарапынан ай-

тылған мақал-мәтелдердің мағыналық дамуында кездесетін екі (қазақ және ұйғыр) тіл арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар жөнінде кейбір пікірлерді ортаға салмақшымыз. Мұнда салыстырмалы мақал-мәтелдердің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасының әр тілде өзіндік ерекшеліктерінің де болатындығы қарастырылады.

Мақал-мәтелдердің бүгінгі барлық түрлерінің қалыптасуына негіз болған ең алғашқы айтылым — бұл қарапайым қара сөз, ауызекі тіл стиліндегі лексика-семантикалық тіркес, сөйлем. Мысалы, *Ден саулық — зор байлық* деген мақалды алатын болсақ, бұл тіркестің әрқандай жай сөйлемнен ешбір айырмашылығы жоқ: денсаулық туралы сөз болғанда оның (денсаулықтың) бейбаға құндылық екенін жете түсіндіру үшін “*денсаулықтан артық байлық болмайды*” немесе “*адам үшін ең қымбат нәрсе — бұл денсаулық*”, яки “*Денсаулық — адамның бірінші байлығы*” деген сияқты сөз тіркестерінің — осындай ой-пікірдің — айтылуы табиғи. Бара-бара бұлар пікір алысудың қысқа да нұсқа түрінде айтылатын болады да, халық дана-

лығының ұйтқысы ретінде қалыптасқан, тұлғалық-құрамдық жағынан барынша ықшамдалған, мазмұндық табиғаты да күрделенген мәнтіки-мағыналық тіркеске айналады.

Төмендегі мақал-мәтелдер, дәл осындай мағыналық даму қағидасы бойынша, ғасырды басып өтіп, еленіп-екшеліп барып бүгінгі күйінде қалыптасқан.

1. Іс түскенде басыңа, досың келер қасыңа.
Күн чүшкөндө бешинға, достуң келер кешинға.
2. Ішің ауырса, аузыңды тый, көзің ауырса қолыңды тый.
Қосиғиң ағриса, нәпсинни тарт, көзүң ағирса, колунни тарт.
3. Әкеннің баласы емес, елдің (адамның) баласы бол.
Атаңниң баласи әмәс, әлнің балиси бол.
(яки: Атаңниң балиси болғичә, әлнің балиси бол).
4. Қызым саған айтайын, келінім сен тыңда.
Қизим саңа ейтай келиним сән аңла.
5. Шегірткеден қорыққан егін екпейді.
Чекәткидин қорқсаң ашлиқ терима.

Бұл мысалдардағы мақал-мәтелдер өздерінің ілкі мағыналарында қолданылып тұр. Номинативтік құрылымға жақын тұрған мұндай мақал-мәтелдер абстракциялану, ауыс мағынаға өту сияқты заңдылықтарға бейімделмеген, оның үстіне, олардың басым көпшілігі мақал емес, мәтелдер, төмсілдер. Бұлардың көркемдік маңызы, бейнелілігі, үндестік, әсемдік беру қабілеті олардың ықшамдылығы мен образдылығына, айтылған ойдың дәлдігіне байланысты. Мұндай мақал-мәтелде не туралы және қалай айтылған болса, оның мағынасы сол ғана болмақ, сондықтан да тура мағынасындағы бұл мақал-мәтелдер түсініктеме беруді, мағынасын түсіндіруді талап етпейді: онсыз да жете түсінікті.

Мақал-мәтелдің қысқалығы оның образдылығымен тығыз байланысты. Өндірістік, әлеуметтік-қоғамдық іс-тәжірибе процестерінде адамдар өздерін қоршап тұрған ортаны байқап-бақылап, одан алған сабағын өз тіршілігі үшін тұрақты пайдаланып келгендігі мәлім. Ғасырлар бойы жалғасып, күрделене беретін бұл тәжірибе процесінде адамдар барынша ықшам, айдай айқын, көркем де жетік образдарды таба білген. Өз кезегінде, бұл образдар поэтикалық стиль ерекшеліктеріне ие болып, мақал-мәтелдердегі ауыс мағынада қолдану мүмкіншілігіне алып келеді.

Алғашта өзінің тура мағынасында қолданылып, айтыла келе, көбірек немесе тек қана ауыс мағынада қалыптасып кеткен төмендегі мақал-мәтелдер жоғарыда айтылған осы заңдылықты дәлелдейді.

Қазақ мақал-мәтелдерінен:

Жүйрік атқа жер — қамшы.
Жұмсақ ағашты құрт басар.
Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
Екі нар сүйкессе, ортасында шыбын өледі.
Тадан түлкі тұмсығынан ілінер.

Ұйғырша баламалары:

Жүгүрүк атқа қамча керек әмәс.
Юмшақ яғачни курут йәйду.
Биллә көтөргөн жүк йеник.
Икки буқа сокушса, оттурисида чивин өлүпту.
Тадан түлкә тумшиғидан илинипту.

Келтірілген мақал-мәтелдерді олардың алғашқы тура мағынасында қолдану қажеттілігі жоқ, не ондай қажеттілік бола бермейді. Мысалы, *“Яғач кәссәң узун кәс, кесә-кесә қисқирар, төмүр кәссәң қисқа кәс, соққа-соқа узурар”* (*“Ағаш кессең, ұзын кес — қысқартуға оңай, темір кессең, қысқа кес — ұзартуға оңай”*) деген мақал өзінің тура мағынасында (ағашшы, темірші ұсталардың кәсібіне байланысты) қолданылады, мысалы, жасалатын бірер ағаш жиһаздың бір бөлшегі көзделген өлшемнен қысқа кесіліп қалса, ол бөлшек бүлінді деген сөз: оны ұзарту мүмкін емес. Мөлшерден ұзындау кесіле қалса, кесе-кесе дәлдеу оңай. Ағашпен салыстырғанда, темір туралы айтылған *“кеңес”* айтпаса да түсінікті. Бұл мақалдың ауыс мағынасы *жеті өлшеп, бір кес* деген мақалмен ұштасады.

Енді мына төмендегі лексика-семантикалық шоғырдағы мәтелдерді көрейік:

Икки буқа сокушса, оттурисида чивин өлиду.
Екі нар сүйкессе, ортасында шыбын өледі.

Икки ат тепишса, ешәкнин нери турғини өзвәл.
Екі ат тебіссе, есектің әрірек тұрғаны абзал.

Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр.
Төгини шамал учатса, өшкүни асманда көр.

Түйе сілкінсе он есекке жүк шығады.
Төгә силкинсә, он ешәккә жүк чиқиду.

Бір қап янаққа — муштәк тап.
Бір қап жаңғаққа — жұмырықтай тас.

Ала қарға алман болсиму, қарчиғиниң орнин басалмас.
Ала қарға алман болса да, қаршығаның орнын баса алмас.

Ешәк жүгриги ат болмас.
Есек жүйрігі ат болмас.

Бұл мәтелдер ауыспалы мағынада ғана қолданылады. Оларға бір жағынан ортақ жалпы мағына — күш-қайраты немесе рухы, тегі, болмысы жағынан алғанда байқалатын құдырет пен мық-

тылық, қайрат-қайсарлық пен өткірлік жатса, екінші жағынан күшсіздікпен, әлсіздік-әлжуаздық, нашарлық, құнсыз-құдыретсіздік, зайыптық салыстыру, бір-біріне қарсы қою жатады. Бұларға ұқсас жүздеген мақал-мәтелдер халық философиясын, оның тұрмыс, өмір, табиғатына қатысты байқау-бақылаулардан, пайымдаулардан қорытқан тәжірибесінің нәтижесі.

Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, ең үлкен *бір тобы* өздерінің тура мағынасында ғана қолданылып, ешқандай түсініктемені керек етпейді, *екінші бір тобы* өзінің алғашқы, тура мағынасында да, ауыспалы мағынада да қабылда-нады, *үшінші тобы* абстракцияланып, тек ауыспалы мағынада ғана қолданылады.

Мақал-мәтелдердің мағыналық абстракциялану заңдылығын академик Ә.Қайдар “*алғашқы объекттің адам факторына ауысуы*”, “*гомоцентристік принцип бойынша қалыптасуы*” деп атайды.

“Мақал-мәтелдердің абстракциялануы, яғни екінші мотивацияға ұшырап, ауыспалы мағынаға ие болуы, олардың құрамындағы әрбір мағыналық компоненттердің ілкі мағыналарына сәйкес балама мағыналардың қалыптасуына байланысты” [2, 85].

Мақал-мәтелдердің “*халық даналығы*”, “*халық философиясы*” деп аталуы — әділ баға. Мақал — халықтың қоршаған айнала, дүние, тіршілік жайындағы түсінігін жалпылама түрінде біздің сана-сезімімізге қысқа да нұсқа күйінде жеткізетін, мағына жағынан аяқталған образды айтылым. Мәтел, тәмсіл туралы да, бұлардың мәлім ерек-шеліктеріне, өзгешеліктеріне қарамай, осы анықтаманы қолдануға болады.

Мақал-мәтелдерде халықтың өмір туралы, таптық қарама-қатынастар туралы, инсани хұлық нормалары жөнінде, ақиқат пен нахақтық, жақсылық пен жамандық хақында ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, жанарып, ықшамдалып келген түсінігі айқын сезіледі. Сонымен бірге, мақалда баяндалған пікір ойдан шығарылған құрқиял емес, ол — халықтың рухани дүниесінің, ұжымдық тәжірибесінің нәтижесі.

Көненің көзі, халықтың байырғы рухани қазынасы — мақал-мәтелдерде мәлім тарихи оқиғалар, көне салт-дәстүрлер де орын алған. Мысалы, “*Абылайдың асында шаптағанда, атаңның басында шабасың ба*” деген мәтел “ел жадында сақталған бір үзік тарихи оқиғаны” тағы бір рет сол елдің есіне салады, ал ауыспалы мағынасында “исі қазаққа тән ата салтын аңғартады” [2, 85].

Қазақ халқының жалпы тарихына, нақтылы тарихи тұлғалардың жеке басына, іс-әрекетіне байланысты қалыптасқан мұндай мақал-мәтелдер аз емес:

Өлдің Мамай — қор болдың.

Жауды қашырған — қарапайым халық,

Батыр атак баракта қалды.

Қасымханның қасқа жолы,

Есімханның ескі жолы.

Аяз би — әлінді біл, құмырсқа — жолынды біл.

Бөлен жерде Балқан тау, ол да біздің барған тау.

Қайда барсаң — Қорқыттың көрі т.б.

Тарихи тұлғалардың есіміне, олар туралы аңыз-әңгіме, шежірелерге байланысты пайда болған мұндай мақал-мәтелдер ғасырлар аттап, қазақ халқы үшін рухани мұра болып, бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Дегенмен, дәстүр ретінде қалыптасқан мақал-мәтелдерді қазақ халқының “тікелей мұрагері ретінде жадында сақтап, өз өмірінде қолдану бар да, бүкіл түркі өлеміне тән сол тәрізді байлықты “ортақ дүние” деп қабылдап, пайдалану тағы бар” [2, 25]. Бұлай болуының себебі түркі халықтарының жүздеген, мындаған мақал-мәтелдері, мағынасы, идеясы сақталғанмен, әр тілдің өзіндік даму заңдылықтарын байланысты, әр түрлі тұлғаға, әр түрлі лексикалық айырмашылықтарға душар болады.

Бұл ғана емес, мақал-мәтелдердің туыстас тілдерара баламалары кейде мағынасы жағынан да бір-бірінен алшақтап, мүлде басқа яки қарама-қарсы мағыналарға ие болып кетуі мүмкін. Мысалы:

1. “*Ине өткен жерден жiп те өтедi*” деген қазақ мәтелі, қысқаша айтсақ, “мықтының да, нашардың да ісі, бастамасы, олардың шамасына қарай өз деңгейінде жүзеге аса алады” деген мағынада қолданылады екен [2, 342]. Бұл мәтелдің ұйғырша баламасы — “*Жиңнә қәйәрдин өтсә, жипиу йәрдин өтиду*” ұйғыр мақал-мәтелдері жинақтарында “отбасы, бала-шаға” тақырыптық топта берілген [2, 33]. Демек, бұл жерде сөз ерлі-зайыптылар жайында (әйел кісінің еріне еруі туралы) болып тұр. КХР ШУАР-дағы ұйғырлардың мақал-мәтелдері жинақтарында да, соның ішінде диалекттер мақал-мәтел жинақтарында да [3] бұл мәтел осы ер-әйелдерге қатысты тақырыптық топта берілген.

Бұл мәтелдің орысша баламасы да (*куда игла, туда и нитка*) осы мағынаға ие.

2. *Кезеген аяқ боқ басар* (жоғарыда айтылған сөздіктен) — тура мағынасынан тікелей шығатын ауыспалы мағынасы: “бейберекет қыдыра беретін адам жаманатты болады”. Ұйғырша баламасының

мағынасы (*маңған пұтқа поқ жуқар*) мүлде басқа: қимылдасан, аз да болса, бұйырады. Осы мағына академик Ә.Қайдардың түсіндірме сөздігінде берілген тағы бір варианттық мақалдың мағынасымен бірдей: “*Жүрген аяққа жөргем ілінер, жатқанға жан жоламас*” Осы мақалдың “*жатқанға жан жоламас*” деген компонентінің мағынасынан айқындалып тұрғандай, “*еңбек еткен адамға әйтеуір, аз да болса, бір нәрсе (ет болмаса да, жөргем) ілінеді*”.

Осы айтылғандарға ұқсас, мағынасы екі тілде бір-бірінен алшақ яки қарама қарсы келетін мақал-мәтелдер баршылық. Тағы екі-үш мысал келтірейік:

Есік көргенді алма, бесік көргенді ал. Мағынасы: “біреудің әйелі болғанды емес, тұрмысқа шықпағанды ал”. Әрине, бірінші рет үйленбекші болған жігіттің жаны да, төні де пәк қызды алғаны жөн. Бұл талассыз да, табиғи. Сондықтан да “*қыз ал*” деп ақыл айту зәруліктен келіп шықпайтын сияқты. Ал “*жақсы-жаман тұрмыстық өмірдің дәмін тартқан келіншекті ал, ол бұл өмірдің бағасын біледі* деген нақыл сөздің жаны бар деуге келетіндей. Егер осылай ой жүгіртетін болсақ, бұл мақалдың ұйғырша баламасының (*Ишик көргәнни алма бөшүк көргәнни ал*) дәл осы мағынада (яғни қазақша баламасына қарама-қарсы) қолданыс табуының өзіндік мәні бар.

Дегенмен, сол бір ақиқатты да айта кету керек, әркімнің, әр халықтың бір мақал-мәтелді әртүрлі түсінуі, қабылдауы заңды құбылыс, мұндай мысалдар ұшырасып тұрады. Төменгі мақал-мәтелдер туралы осыны айтуға болады:

Көкте күн жалғыз, жерде гүн жалғыз. Мағынасы: “Бүкіл Евразиялық жазықтықта Ғүн империясы, аспандағы Күн сияқты, сонша елді жалғыз бір өзі билеп-төстеген еді” [2, 24]. Ұйғырша баламасы: “*Көктә күнәлғуз, йәрде — һун* (“һоң” варианты да бар) — ғұндардың сымбатты, келбетті табиғаты туралы мәтел. Осы мағынаны Мағжан Жұмабаевтың “*Ғүн Күннен жаралған, Ғүн Күн текті бейне*” деген сөздері қосап тұр. Сұлулықты түркі тілдерінде айға, күнге теңейтін метафоралық тіркестің бар екені мәлім.

Ал ұйғыр тілінде сымбатты келбет туралы “һун қамәт” (сөйлеу тілінде көбірек “һоң қамәт”) деген тұрақты тіркес бар. Ғүн империясының шапқыншылық саясатын, соғысқұмарлығын көрсететін мақал да бар, әрине: *Һунлар йоқлама-гүнчә, жаһан тинчимас.* Осы мақалды өзінің “Төклимақанға дүмләнгән роһ” (“Төклимақанға көмілген рұх”) деген еңбегінде келтірген (ҚХР

ШУАР) Ғалым Әсәт Сулайман тағы бір мәтелді береді. Бұл — европалықтар арасында пайда болған мәтел:

Юнан ясайду, түрк бузиду.
(Грек жасайды, түрк бұзады).

Осындағы “*түрк*” ғұндар болса керек деген пікірге келеді автор: “Шығыс егіншілерінің бүгінгі күнге дейін жадында сақтап келе жатқан “*һун жоғалмай, жахан тынышталмас*” деген мәтелі мен европалықтардың “*юнан жасайды, түрк бұзады*” деген мәтелінде айтылып тұрған осы пайымы бүгінгі күнге дейін бізге келіп жеткен “мирас” емес пе?!” [4, 6].

Енді “гүн (һун)” сөзінің тегі (этимологиясы) туралы бір жорамалымызды айта кетейік (Бұл сөздің мағынасы мен этимологиясы әлі жете тексеруді талап етеді, ал бұл жерде алғашқы болжам ғана беріледі). Араб сөзі *һун* “биік”, “ұзын” деген мағынаға ие. Кейбір түркі тілдерінде, мысалы: әзербайжан тілінде *һундур* деген күрделі сөз бар: *һун+дур*. Мұндағы *дур* — парсы сөзі, оның да мағынасы — “ұзын”, “биік”, “ұзақ”. Парсы тіліндегі *дуру-дөраз* (дөраз — ұзын: ұзын — ұзын), *дурбин* — (бинокль, телескоп; ауыспалы мағынада: көреген, ұзақты көретін) деген қос және күрделі сөздердің құрамында да осы мағынадағы *дур* сөзі бар.

Бұл мысалдарды келтіріп отырғандағы себеп — жоғарыдағы *Көкте Күн жалғыз, жерде гүн жалғыз* деген мәтелдің мағынасының сымбаттылық туралы екенін дәлелдеу.

Соңғы мысал:

Тозға түспегеннің бәрі тарих емес. Мағынасы: “*Хатқа түспегеннің бәрі шынай тарих емес*”.

Бұл мәтелдің ұйғырша баламасында тоз (қайың қабығы) сөзі жоқ: *хәткә чүшкәнниң һөммиси тарих әмәс*. Бірақ мәселе бұл жерде етістікте болып тұр: ұйғыршада “*түспегеннің*” емес, “*түскеннің*”. Етістік болымсыз емес, болымды. Мәнтіқи жағынан алғанда да солай болатын сияқты: “хатқа түскен” — ол белгілі бір оқиға, белгілі мәселе; ал “*түспеген*” — тым көп, шуаланқы та белгісіз, әйтеуір “бәрі”. Болымды етістікпен келген сөздің “бәрі” орынды да белгілі: не түскен болса — сол.

Бұл мақалды “*жылтырағанның бәрі алтын емес*” деген тіркеспен мағына жағынан да салыстыруға болар еді.

Әрине, мақал-мәтелдің тарихи мәні, бағалылығы бұл айтқандарда ғана емес. Олар, бірінші кезекте, халықтың көптеген тарихи кезендерде қалыптасқан дүниетанымын, көзқарастарын сақ-

тап қалды. Мысалы, ер мен елдің бірлігін, елдің күші, құдыреті мен ердің күшін, батырлығын елестетеді, көз алдымызға келтіреді:

Қазақ мақал-мәтелдері:

Ер ерлігін істесе, ел елдігін істейді.

Ер — елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы.

Ер өлсе көмілгенше жылайды, елі өлсе өле-өлгенше жылайды.

Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды, тұлпар ерін сақтайды, ер елін сақтайды.

Ұйғыр мақал-мәтелдері:

Әл бар йөрдә әр бар, әр бар йөрдә әл бар.

Әрниң иши әл билән.

Әл бар йөрдә әр хар болмас, әр бар йөрдә әл хар болмас.

Әлгә баққан әр хар әмәс, әргә баққан әл хар әмәс.

Әр жигитниң қәдрини атиси әмәс, әл биләр.

Мақал-мәтелдердің ішінде тым ертеде-ақ пайда болып, халықтың әдет-ғұрыпында, жадында сақталып келе жатқандары аз емес. Мәселен, түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ, ұйғыр мақалдарының жинақтарында *Құрғақ қасық ауыз жыртар* деген нақыл сөз бар. Оның орта ғасырда пайда болғанын, М.Қашқаридің әйгілі *Диванында* берілгенін әркім біле бермейді.

Осы мақал орыс тілінде де бар: *сухая ложка рот дерет*. Бұл ғана емес, тілі туыстас жүйеге жатпайтын халықтар мақалдарының ішінде мұндай ұқсастық аз емес:

Қазақ мақал-мәтелдері:

Аспандағы сұңқардан, қолдағы шымшық артық.

Иілген басты қылыш кеспес.

Көрпене қарай көсіл.

Ұйғыр мақал-мәтелдері:

Миң козиға — бир таш.

Алма дәриғидин жирақ чүшмәйду.

Йотқанға қарап пут сун.

Атиси ғора йесә, оғлиниң чиши қамапту.

Келтірілген бұл мақалдар орыс тілінде ғана емес, басқа тілдерден де кездестіруге болады. Бір қызығы, жоғарыдағы мысалдардың соңғысы (*“Атиси ғора йесә...”* қазақша аудармасы: *Әкесі шикі өрік жесе, ұлының тісі қармапты*) көне орыс жылнамаларында да кездеседі екен. (В.И.Дальдің сөздігін қараңыз): *зелены урюк съел отец, а у сына оскомина*.

Мұндай ұқсастықтың қалай пайда болғаны, әр түрлі тілдердің, сол тілдерде қалыптасқан мақал-мәтелдердің бір-біріне қалай әсер еткені, қай тілден қай тілге ауысқаны — бұлар өте күрделі мәселе, ерекше ғылыми зерттеуді талап етеді.

Осы біраз ғана мысалдан көріп отырғанымыздай, халық даналығы — мақал-мәтелдердің көптеген түрлері, әсіресе, бір тағанды құрамдағылары, барша халықтар үшін ортақ даналық екенін байқау қиын емес. Бұл жалпы адам баласына тән дүниетанымдық қасиеттердің ұқсастығына, табиғат заңдылықтарының ортақтығына байланысты болса керек. Бұл ұқсастықпен бір қатарда, әртүрлі тілдік жүйеге тән халықтар мақал-мәтелдерінің арасында ғана емес, туыстас түркі тілдерінің мақал-мәтелдері ішінде де бір-бірінен парықтанатын, құрылымы ұқсас, мағынасы өзгешелері де кездеседі. Оның кейбір мысалдарын жоғарыда келтірдік.

Бұл заңды да табиғи құбылысты генеологиялық шығу тегі мен тарихи, географиялық ортасы әр түрлі халықтардың ғана емес, бір халықтың мақал-мәтелдерінен де көреміз. :

ӘДЕБИЕТ

1. *Аблез Әмәт*. Ұйғыр мақал-тәмсиллириниң изаһлик луғити // Көшкәр уйғур нәшрияти. 2004. 2-ай. 1-нәшри
2. *Қайдаров Ә.Т.* Халық даналығы. Алматы: Тоғанай, 2004.
3. Турпан мақал-тәмсиллири: (Жуңго хәлқ мақал-тәмсиллири Шинжаң томи.)
4. *Әсәт Сулайман*. Тәклимақанға дүмләнгән роһ // Шинжаң хәлқ нәшрияти. 2000. 7-ай. 1-нәшри.